

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидаларын, сондай-ақ қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалардың, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есептің нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 сәуірде № 10608 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 368 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 08.04.2020 № 368 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.11.2017 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаның нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есептің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
1-қосымша

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары "Оналту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және

қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың (бұдан әрі – әкімші) осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаларды жіберудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Хабарламаларды жіберу тәртібі және мерзімдері

2. Әкімші қызметінің банкроттық рәсімі мен оңалту рәсімінің өткізілуін тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаны ресімдейді.

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама мемлекеттік немесе орыс тілінде екі данада толтырылады, оларға уәкілетті орган басшының орынбасары қол қойып, мөрмен куәландырады.

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама Тексеру нәтижелері бойынша хабарламаларды тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленеді, тігіледі, уәкілетті орган басшысының қолымен және мөрмен бекітіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша хабарламаларды тіркеу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) реттік нөмірі;
- 2) хабарламаның тіркелген күні;
- 3) әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 4) әкімшінің ЖСН;
- 5) борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы;
- 6) борышкердің ЖСН/БСН;
- 7) рәсімнің түрі;
- 8) тексеру актісінің нөмірі мен күні;
- 9) табыс ету тәсілі;
- 10) алынған күні;
- 11) орындалған күні.

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарламаның көшірмесі оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған сотқа жіберіледі.

3. Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама жаңадан тағайындалған әкімшіге қолын қойдыра отырып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен беріледі.

Бұл ретте төменде тізбеленген тәсілдердің бірі арқылы жіберілген қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама әкімшіге мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – әкімшінің алғаны туралы белгі қойған күнінен бастап;

2) электрондық тәсілмен – әкімшіні уәкілетті органда тіркеу (қайта тіркеу) кезінде әкімшінің өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап берілген болып есептеледі.

4. Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама жаңа әкімші тағайындалған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін шеттетілген алдыңғы әкімшінің осы бұзушылықтарын жою туралы хабарлама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.11.2017 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____

№ _____

(уәкілетті органның атауы)

"Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы

Заңының 20-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес және тексеру нәтижелері туралы

20__ жылғы "___" _____ № _____ актінің негізінде "Оңалту және банкроттық туралы"

2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді жүзеге

асыратын _____

_____ қатысты

(борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы)

Сізді, _____

_____ (уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың тегі,

аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН)

_____ Борышкердің ЖСН/БСН: _____

_____ борышкердің мекенжайы: _____

_____ (индексі, облыс, қала, мекенжайы)

Рәсім түрі: _____

_____ 20__ жылғы "___" _____ №__ тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар

туралы _____

_____ хабардар етеді.

(оңалту және банкроттық туралы заңнаманың нормаларын бұзушылықтар)

Уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар хабарламаларды орындауды хабарлама табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап

жиырма жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою, сондай-ақ

уәкілетті органға хабарламаның орындалғаны туралы есепті беру арқылы жүзеге асырады.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 157-бабының 1-тармағына сәйкес бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексерілетін

субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін субъекті

тиісті бақылау және қадағалау органының және (немесе) лауазымды адамның шешімдеріне,

іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не сотқа шағымдануға құқылы.

Қосымша: анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы ____ парақта.

Уәкілетті органның басшысы (басшының орынбасары):

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)

Хабарламаны алды: _____

—

(Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың тегі,

аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы)

Хабарлама әкімшіге берілді: _____

(уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы)

Хабарлама әкімшіге жіберілді: _____

(жіберілгенін және (немесе) алынғанын дәлелдейтін құжат)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 26 ақпандағы

№ 132 бұйрығына

3-қосымша

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберу қағидалары "Оңалту және

банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді және уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың (бұдан әрі – әкімші) қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды жіберудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Хабарламаларды жіберу тәртібі және мерзімдері

2. Әкімші қызметінің банкроттық рәсімі мен оңалту рәсімінің өткізілуін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)) әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны ресімдейді.

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама мемлекеттік немесе орыс тілінде екі данада толтырылады, оларға уәкілетті орган басшының орынбасары қол қойып, мөрмен куәландырады.

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама Камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаларды тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленеді, тігіледі, уәкілетті орган басшысының қолымен және мөрмен бекітіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаларды тіркеу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) реттік нөмірі;
- 2) хабарламаның тіркелген күні;
- 3) әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 4) әкімшінің ЖСН;
- 5) борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы;
- 6) борышкердің ЖСН/БСН;
- 7) рәсім түрі;
- 8) кезеңі;
- 9) оңалту және банкроттық туралы заңнаманың нормаларын бұзушылық;
- 10) табыс ету тәсілі;
- 11) алынған күні;
- 12) орындалған күні.

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның көшірмесі оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған сотқа жіберіледі.

3. Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жаңадан тағайындалған әкімшіге қолын қойдыра отырып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен беріледі.

Бұл ретте төменде тізбеленген тәсілдердің бірі арқылы жіберілген әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама әкімшіге мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – әкімшінің алғаны туралы белгі қойған күнінен бастап;
- 2) электрондық тәсілмен – әкімшіні уәкілетті органда тіркеу (қайта тіркеу) кезінде әкімшінің өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап берілген болып есептеледі.

4. Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жаңа әкімші тағайындалған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.11.2017 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

_____ (уәкілетті органның атауы)

"Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы

Заңының 20-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес "Оңалту және банкроттық туралы"

2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді жүзеге

асыратын _____

_____ қатысты
(борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы)
Сізді, _____

_____ (уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН)

_____ Борышкердің ЖСН/БСН: _____

_____ борышкердің мекенжайы: _____

_____ (индексі, облыс, қала, мекенжайы)
Рәсім түрі: _____
Сізді 20__ жылғы " __ " _____ бұзушылықтар туралы _____

_____ хабардар етеді.
(оңалту және банкроттық туралы заңнаманың нормаларын бұзушылықтар)
Уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар хабарламаларды орындауды хабарлама табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою, сондай-ақ уәкілетті органға хабарламаның орындалғаны туралы есепті беру арқылы жүзеге асырады.
2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі бабының 3-тармағы 1) тармақшасына сәйкес тексерудің нәтижесінде және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою

туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау

тексерілетін субъектілерді жоспардан тыс тексеруге негіз болып табылады.

Қосымша: анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы _____ парақта.

Уәкілетті органның басшысы (басшының орынбасары): _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)

Хабарламаны алды: _____

—

(Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың тегі,

аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы)

Хабарлама әкімшіге берілді: _____

—

(уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы)

Хабарлама әкімшіге жіберілді: _____

—

(жіберілгенін және (немесе) алынғанын дәлелдейтін құжат)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
5-қосымша

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті беру қағидалары "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді және уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың (бұдан әрі – әкімші) қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті берудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Хабарламаның орындалуы туралы есепті беру тәртібі және мерзімдері

2. Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны әкімші ол ұсынылған күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындайды.

3. Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есепті оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсына отырып, әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды әкімшінің жоюы әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалғаны болып танылады.

Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есептің ұсынылған күні, оны ұсыну тәсіліне қарай:

- 1) өзі келу тәртібімен – уәкілетті орган қабылдаған күн;
- 2) почта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен – почта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгісі қойылған күн болып табылады

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
6-қосымша
Нысан

**Әкімшінің қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған**

бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы туралы есеп

Хабарламаның нөмірі және күні: _____

Кезеңі: _____

— Рәсімнің түрі: _____

Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН: _____

— Борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы, ЖСН/БСН: _____

—

— Хабарламаны жіберген мемлекеттік кірістер органның атауы: _____

— Анықталған және жойылған бұзушылықтар туралы ақпарат: _____

—

— Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен әкімшінің келіспеуі үшін негіз болып табылатын мән-жайлар:

— Қоса берілетін құжаттардың тізбесі: _____

— Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қолы: _____

Есептің тапсырылған күні: 20_____ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК